

"Коучинг қызметі (коуч)" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 409 бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Коучинг қызметі (коуч)" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен кейін күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Жақыпова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2025 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 409 бұйрығына қосымша

"Коучинг қызметі (коуч)" кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Коучинг (коуч)" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген.

Осы кәсіптік стандарт коучтердің кәсіптік біліктілігін бағалау және тану кезінде, қызмет көрсету сапасының стандарттарын әзірлеуде және бизнес, білім беру,

денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, мемлекеттік басқару және тұлғалық даму сияқты түрлі салаларда адами капиталды дамытуда қолданылады.

Стандарт мыналарға арналған:

- коучинг қызметтерін көрсететін ұйымдар;
 - коучтарды дайындайтын (оқытатын/біліктілікті арттыру және даярлау бағдарламаларын іске асыратын) ұйымдар;
- коучтар қауымдастықтары мен кәсіптік бірлестіктері;
- коучингті өз қызметінде пайдаланатын жұмыс берушілер мен ұйымдар;
- коучинг қызметтерінің клиенттері мен тапсырыс берушілері;
- сертификаттау, аккредиттеу және біліктілікті тану үшін жауапты органдар.

Коучинг клиенттің ойлау қабілетін, зейінін және әлеуетін дамытуға, жеке және кәсіптік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған кәсіптік серіктестік.

Коучтың қызметі халықаралық қауымдастықтағы кәсіптік коучинг қауымдастықтары/федерациялары мойындаған әдеп қағидаттарына, құзыреттер мен сапа стандарттарына негізделген.

Осы стандарт мынадай:

коучтардың біліктілігі мен кәсіптік даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптарды;

- міндетті құзыреттерді, білім және дағдыларды;
- әдептік мінез-құлқына және кәсіптік жауапкершілігіне қойылатын талаптарды;
- біліктілікті бағалау және бейресми білімді тану критерийлерін белгілейді.

Коучинг қызметі өзара құрмет, серіктестік, кәсіптік жауапкершілік және әдептік мінез-құлқы қағидаттарына негізделеді.

Коучинг қызметтері ерікті түрде, қауіпсіз және құпиялылығы сақталған ортада көрсетіледі.

Коучтың кәсіптік қызметі халықаралық құзыреттерге негізделеді және кәсіптік пен тұлғалық жеке қасиеттерін міндетті түрде дамытуды қамтиды.

Коучтың біліктілігі сертификаттау және шеберлік деңгейін үнемі жетілдіру (супервизия, менторинг, оқыту, кәсіптік қауымдастықтарға мүше болу) арқылы расталады.

Коуч кеңес беру, психотерапия, тәлімгерлік және басқа да аралас қызмет түрлерінен коучингті ажырата отырып, кәсіптік шекараларды сақтауға міндетті.

Коуч кәсіптік қауымдастықтың/федерацияның коучтік әдеп кодексін сақтауға және қызметтерді адалдық, тең құқықтылық және кемсітпеушілік қағидаттарына сәйкес көрсетуге жеке жауапкершілік алады.

Осы стандарт құжатпен немесе кәсіптік жетістіктер портфолиосымен расталатын бейресми білім беруді тану мүмкіндігін ескереді.

Біліктілікті сақтау үшін коуч үздіксіз кәсіптік дамудан өтуі тиіс - әрбір үш жыл сайын кемінде 40 сағаттық коучингтік мамандандырылған оқытудан өтуі тиіс.

Коучтердің қауымдастықтары мен кәсіптік бірлестіктері әдептік қадағалау және клиенттердің өтініштерін қарау жүйесін қамтамасыз етеді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) кәсіптік коучинг қауымдастығы немесе федерациясы – Қазақстан Республикасында тіркелген, әртүрлі коучингтік мектептердің және (немесе) компаниялар мен ұйымдардың түлектерін біріктіретін коммерциялық емес ұйым мәртебесі бар кәсіптік коучтер бірлестігі;

2) кәсіптік деңгейлік сертификаттау – осы Кәсіптік стандарт деңгейінде есепке алынуы мүмкін коучтардың халықаралық қауымдастықтары немесе федерациялары беретін халықаралық стандарттарға негізделген коучтың біліктілігін ресми растау:

- сертификаттаудың бірінші деңгейі – халықаралық коучинг қауымдастығында немесе федерацияда аккредиттелген бағдарлама бойынша кемінде 50 академиялық сағат коучингке оқыту нәтижесінде коучтың құзыреттерін көрсету, оқу аяқталғаннан кейін кемінде 50 сағат расталған коучинг тәжірибесі;

- сертификаттаудың екінші деңгейі – халықаралық коучинг қауымдастығы немесе федерациясы аккредиттелген бағдарлама бойынша кемінде 100 сағат коучинг оқуынан өту, оқуды аяқтағаннан кейін кемінде 100 сағат расталған коучингтік тәжірибені жүзеге асыру, халықаралық емтиханды тапсыру нәтижесінде коучингтік дағдыларды тұрақты меңгергенін және жетілген әдеп ұстанымды көрсетуі;

- сертификаттаудың үшінші деңгейі – халықаралық коучинг қауымдастығы немесе федерациясы аккредиттелген бағдарлама бойынша кемінде 120 сағат коучинг оқуынан өту нәтижесінде, оқуды аяқтағаннан кейін кемінде 500 сағат расталған коучингтік тәжірибені өтуі, халықаралық емтиханды тапсыруы арқылы коучтың тереңдігін, саналы көзқарасын және ішкі тұрақтылығын көрсетуі;

3) сертификаттаудың "Командалық коучинг" деңгейі - коучингтік білімге қосымша ретінде командалық коучинг бойынша кемінде 60 сағат оқудан өту, оқуды аяқтағаннан кейін кемінде бес сәтті кейспен расталған коучингтік тәжірибені жүзеге асыру, "Командалық коучинг" деңгейі бойынша халықаралық емтиханды тапсыру нәтижесінде командалармен жұмыс істеуге арналған коучинг дағдыларын тұрақты меңгергенін және жетілген әдеп ұстанымын көрсетуі; клиент – жеке, топтық немесе командалық немесе ұйымдық форматта коучинг қызметін алатын жеке тұлға немесе адамдар тобы;

4) коуч – коучинг әдістерін қолдана отырып, жеке және/немесе кәсіптік даму процесіне клиентті кәсіптік тұрғыда сүйемелдейтін маман;

5) коучинг – коучтың клиентпен ойлауды ынталандыруға, саналы көзқарасты дамытуға және клиенттің маңызды мақсаттарына қол жеткізуі үшін оның әлеуетін ашуға бағытталған кәсіптік әріптестігі;

6) коучтардың супервизия және менторингі – коучтың жұмысының сапасын қамтамасыз етуге, құзыреттерін дамытуға және әдеп нормаларын сақтауға бағытталған кәсіптік қолдау нысандары;

7) әдеп қағидаттары – жауапкершілікті, құпиялылықты, клиентке деген құрметті, адалдық пен өзара әрекеттестіктің ашықтығын анықтайтын коучтың кәсіптік мінез-құлқына қатысты нормалар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

1) ҰБШ — Ұлттық біліктілік шеңбері;

2) СБШ — Салалық біліктілік шеңбері;

3) БТБА — Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) ӘАТ — Халықаралық кәсіптік коучинг қауымдастығының Әдеп кодексінің әдеп аспектілеріне түсіндірмелер;

5) ESG (Environment, Social, Governance) – (экология, әлеуметтік мәселелер, басқару) — бұл компанияның қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және корпоративтік басқару сапасына әсері тұрғысынан бағалауға арналған критерийлер жиынтығы.

2-тарау. Кәсіптік стандарт паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Коучинг қызметі (коуч)"

5. Кәсіптік стандарттың коды:

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

P - Білім беру;

85 - Білім беру;

85.5 - Басқа білім беру түрлері;

85.59 - Басқа топтарға кірмейтін білім берудің өзге түрлері;

85.59.9 - Басқа топтарға кірмейтін өзге білім беру қызметтері.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Коучинг (коуч)" кәсіптік стандарты коучинг саласындағы кәсіптік қызметпен айналысатын мамандарға, соның ішінде жеке, топтық немесе командалық және ұйымдық жұмыстарға қойылатын талаптарды анықтайды.

Стандарттың мақсаты – коучинг қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мамандыққа деген қоғамдық сенімді нығайту және Қазақстан Республикасында білім беру бағдарламаларын дамыту мен коучтарды сертификаттаудың негізін қалыптастыру.

8. Мамандық карталарының тізбесі:

1) Бизнес-коуч (Executive / Business Coach) – СБШ 6 деңгейі;

2) Мансаптық коуч (Career Coach) – СБШ 6 деңгейі;

3) Лайф-коуч (Life Coach) – СБШ 6 деңгейі;

4) Командалық коуч (Team Coach) – СБШ 6 деңгейі;

5) Көшбасшылық жөніндегі коуч (Leadership Coach) – СБШ 7 деңгейі;

6) Денсаулық және сауықтыру жөніндегі коуч (Health & Wellness Coach) – СБШ 6 деңгейі;

7) Спорттық дайындықтағы коуч (SportCoach) – СБШ 6 деңгейі;

8) Кәсіпкерлерге арналған коуч (Entrepreneur Coach) – СБШ 6 деңгейі;

9) Білім берудегі коуч (Education Coach) – СБШ 6 деңгейі.

3-тарау. Кәсіптер карталары

10. "Бизнес-коуч" мамандығының жұмыс сипаттамасы:			
Топ коды:	2379-9		
Курс атауы коды:	-		
Кәсіп атауы:	Бизнес-коуч		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:			
БТБА, БА үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Жоғары білім (бакалавриат, мамандық бойынша)	Мамандығы:	Біліктілігі:
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура, ординатура, резидентура)		
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	кемінде 7 жыл (оның кемінде 5 жылы бизнес немесе корпоративтік секторда болуы тиіс)		
Формалды емес және информалды білім берумен байланыс:	Коучинг саласындағы қосымша кәсіптік білім, аккредиттелген бағдарлама бойынша кемінде 120 академиялық оқу сағаты және кемінде 500 расталған тәжірибелік сағат, кәсіптік қауымдастықтарға қатысу, коучинг бойынша үздіксіз оқыту бағдарламалары және сертификаттаудың үшінші деңгейіне сертификатпен расталған кәсіптік дамудың өзге де нысандары.		
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:			
	Коучинг әдістерін қолдану арқылы негізгі қызметкерлердің, топтардың және командалардың дамуын дамуына ықпал ету, олардың көшбасшылық әлеуетін,		

Қызметтің негізгі мақсаты:	басқарушылық жетілуін және бизнеске әсер ететін стратегиялық шешімдер қабылдау қабілетін нығайту.	
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жеке және топтық немесе командалық коучинг сессияларын өткізу. 2. Коучинг арқылы қызметкерлердің кәсіптік тиімділігін арттыру және жұмыс мақсаттарына жетуді қолдау. 3. Коучинг арқылы ұйымдық өзгерістер мен басқару шешімдерін қолдау.
	Қосымша еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қажеттілік пайда болған кезде коучингті ұйымдастыру процестеріне интеграциялау. 2. Топтық коучинг бағдарламаларын өткізу және команданы дамытуды фасилитациялау.
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функциясы 1: Жеке және топтық немесе командалық коучинг сессияларын өткізу.	Дағды 1: Коучинг серіктестігін құру және сақтау	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ашық диалог үшін қауіпсіз кеңістік құра отырып, клиентпен сенімді қарым-қатынас орнату. 2. Коучинг процесінің мақсаттары, рөлдері мен күтілетін нәтижелері туралы нақты келісім жасау. 3. Клиенттің бірегейлігі мен тәжірибесіне құрметпен қарауды көрсету. 4. Өзара әрекеттестіктің барлық кезеңдерінде позиция теңдігі мен серіктестікті сақтау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдептің өзара әрекеттесу қағидаттары және коучинг мамандығының шекаралары. 2. Сенім мен қауіпсіздік сезімін қалыптастырудың ерекшеліктері. 3. Қарым-қатынасқа әсер ететін клиенттің мәдениеті мен контекстінің элементтері. 4. Кәсіптік қарым-қатынастың негіздері мен коуч бейтараптылығы, соның ішінде шекараларды сақтау, күтілімдерді басқару және жеке сенімдердің үдеріске әсер етуіне жол бермеу дағдылары.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 2: Тиімді әдістемелерді қолдана отырып коучинг сессияларын өткізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіптік құзыреттерге сәйкес коучинг сессиясының құрылымын қолдану. 2. Клиенттің перспективаларын ұғынуға және кеңейтуге ықпал ететін активті тыңдау мен күшті сұрақтарды қолдану. 3. Клиенттің динамикасын, оның эмоциялары мен энергиясын қадағалау, бақылауларды уақытында көрсету және қайтару. 4. Клиенттің мақсатқа шоғырлануын қолдау және сессия барысында өзгерістерге икемді болу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құзыреттілік моделі және сертификаттау деңгейінің маркерлері. 2. Белсенді тыңдау, рефлексия, метафора және фокустау әдістері. 3. Фасилитациялау және топтық жұмыс әдістері. 4. Коучинг процесінің басқару негіздері, оның ішінде тиімділік пен нәтижеге қол жеткізу үшін қарқын, құрылым, сессия кезеңдері және топтық динамикамен жұмыс істеу.

	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	3-дағды: Клиенттің саналы түсінуі мен жауапкершілігін дамытуға жәрдемдесу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Клиентті өзін-өзі талдауға және өз шешімдерін табуға ынталандыратын сұрақтар қою. 2. Клиентке ішкі ресурстарды, құндылықтарды және шектеулерді анықтауда қолдау көрсету. 3. Клиентке іс-қимыл жоспарын құруға және жеке жауапкершілігін дамытуға көмек көрсету. 4. Коучинг процесі барысында қол жеткізілген прогресті атап өту және күшейту. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Коучинг, консалтинг және терапия арасындағы айырмашылықтар. 2. Мотивация түрлері мен теориялары 3. Жеке тиімділікті дамыту тәсілдері 4. Клиенттің прогресс көрсеткіштеріне негізделген кері байланыс тәсілдері мен түрлерін түсіну.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
Еңбек функциясы 2: Коучинг арқылы қызметкерлердің кәсіптік тиімділігін дамытуға және	Дағды 1: Қызметкерлерге жұмыс мақсаттары мен кәсіптік басымдықтарды анықтауда қолдау көрсету	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерге бөлімше мен ұйымның міндеттеріне сәйкес кәсіптік мақсаттарды нақтылауға көмек көрсету. 2. Басымдықтарды анықтауға және назар мен ресурстарды бөлуге қолдау көрсету. 3. Өзекті жұмыс міндеттері мен жауапкершілік аймақтарын зерттеу үшін коучинг сұрақтарын қолдану. 4. Қызметтің табыстылық критерийлері мен күтілетін нәтижелерін нақтылауда қолдау көрсету. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мақсаттар мен SMART, OKR әдістерін қоюдың негіздері және басқаруда мақсат қою мен жоспарлау құралдары. 2. Басымдықтар мен жұмыс жүктемесін басқару қағидаттары. 3. Кәсіптік тиімділік пен нәтижеліліктің модельдері (GRPI (Goals, Roles, Processes, Interpersonal relationships), модель 7T (Team Goals, Team Roles, Team Norms, Team Trust, Team Leadership, Team Communication, Team Conflict)). 4. Жұмыс критерийлері мен өлшенетін көрсеткіштерді анықтау тәсілдері.
	Құзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 2: Өзін-өзі реттеу дағдылары мен тұрақты жұмыс	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкерге оның жұмыс жағдайына және өнімділігіне әсер ететін факторларды түсінуге көмек көрсету. 2. Салауатты кәсіптік дағдылар мен жұмыс ритмін қалыптастыруға қолдау көрсету. 3. Жұмыс процесінде өзін-өзі реттеу әдістерін қолдануға қолдау көрсету. 4. Кәсіптік қызметтегі өз шешімдері мен әрекеттері үшін жауапкершілікті дамытуға ықпал ету.

жұмыс мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу	мінез-құлқын дамытуға ықпал ету	Білімдер: 1.Өзін-өзі реттеудің, назарды басқарудың және тұрақты мінез-құлықтың негіздері. 2.Әдет қалыптастыру және жұмыс үлгілерінің қағидаттары. 3.Эмоционалдық шаршаудың алдын алу және стрессті төмендету әдістері. 4.Жұмыс ортасындағы эмоционалдық интеллект пен саналы қабылдаудың негіздері.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	3-дағды: Қызметкердің кәсіптік құзыреттілігі мен жұмыс дағдыларын дамытуға көмек көрсету	Машықтар: 1.Қызметкерге кәсіптік өсу аймақтарын және қажетті құзыреттерді түсінуге қолдау көрсету. 2.Ағымдағы дағдылар мен тиімділікті арттыру жолдарын талдауға көмек көрсету. 3.Кәсіптік дағдыларды дамытуға арналған жеке даму жоспарларын құруға көмек көрсету. 4.Жаңа міндеттерді меңгеруде қызметкердің сенімі мен дербестігін нығайту үшін коучингті пайдалану.
		Білімдер: 1.Кәсіптік құзыреттілік модельдерінің негіздері және оларды бағалау. 2.Кәсіптік дағдыларды дамыту және біліктілікті арттыру әдістері. 3.Қызметкерлерді дамыту жеке жоспарларын құру тәсілдері. 4.Жеке тиімділік пен кәсіптік өсуді қолдау қағидаттары.
		Талап етілмейді.
Құзыреттілікті тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.	
Дағды 4: Кәсіптік құжаттаманы дұрыс жүргізу	Машықтар:	
		1. Клиенттің келісімімен кәсіптің шекараларын сақтай отырып, коучингтік өзара іс-қимылдың мақсаттарын, нәтижелерін және құрылымын көрсететін жазбаларды жүргізу. 2. Клиенттік процестер бойынша деректерді ыңғайлы және қауіпсіз форматта жүйелеу. 3. Құжаттарды, соның ішінде электрондық жазбаларды, хат алмасуды және шарттарды сақтау тәртібін қамтамасыз ету. 4. Ұйым мен клиенттің келісілген форматы мен талаптарын сақтай отырып, жұмыс барысында құжаттаманы жаңарту.
		Білімдер:
		1. Қызмет көрсету саласындағы кәсіптік құжаттаманы құрылымдау қағидаттары. 2. Коучингтік практикадағы жазбалардың мазмұны мен көлеміне қойылатын талаптар. 3. Деректерді электрондық және қағаз жүзінде сақтау кезінде ақпаратты қорғау негіздері. 4. Клиенттік материалдарды сақтау, мұрағаттау және жою қағидалары.
		Машықтар:

Еңбек функциясы 3: Коучинг арқылы ұйымдастырушылық өзгерістер мен басқару шешімдерін сүйемелдеу.

<p>Дағды 1: Стратегиялық шешімдерді талдауға және түсіндіруге жәрдемдесу</p>	<p>1. Клиентке стратегиялық міндеттерді және олардың бизнес жүйесіне әсерін зерттеуге қолдау көрсету. 2. Баламаларды көруге және талдау ауқымын кеңейтуге көмектесетін сұрақтар қою. 3. Фактілерге, құндылықтарға және мақсаттарға негізделген саналы басқарушылық шешімдер қабылдауға көмек көрсету. 4. Клиентке таңдаған нұсқалардың тәуекелдерін, ресурстарын және мүмкін салдарын анықтауға қолдау көрсету.</p> <p>Білімдер: 1. Стратегиялық ойлау мен жүйелік қабылдау теориялары. 2. Сансыздық жағдайында басқару шешімдерін талдау қағидаттары. 3. Ұйымдық теорияның негіздері және ұйымдық динамика элементтері. 4. Корпоративтік ортада шешім қабылдауға әсер ететін факторлар.</p>
<p>Құзыреттерді тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
<p>Дағды 2: Клиенттерге өзгерістерге бейімделуге және төзімділікті арттыруға қолдау көрсету</p>	<p>Машықтар: 1. Клиентке өзгерістерге реакцияларды және кедергі факторларын анықтауға көмек көрсету. 2. Клиенттің төзімділігін дамытуда және ойдың айқындығын сақтау қабілетінде қолдау көрсету. 3. Стрессті және белгісіздікті жеңілдетуге көмектесетін сұрақтар мен құралдарды қолдану. 4. Өртүрлі жағдайларға арналған жеке бейімделу стратегияларын әзірлеуге көмек көрсету.</p> <p>Білімдер: 1. Адаптивті мінез-құлық теориясының негіздері. 2. Өзгерістерді басқару модельдері (ADKAR, Kottler және басқалар). 3. Стресске төзімділік, өзін-өзі реттеу және эмоционалдық икемділік қағидаттары. 4. Трансформация кезеңдерінде қатысу мен өнімділікке әсер ететін факторлар.</p>
<p>Құзыреттілікті тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
<p>3-дағды: Ұйымдық өзгерістер жағдайында топтар мен командалармен жұмыс істеу</p>	<p>Машықтар: 1. Топтағы немесе командадағы топтық процестерді, рөлдерді және өзара іс-қимылды қадағалау. 2. Жалпы мақсаттарды, іс-қимылдардың үйлесімділігін және командалық сенімділікті дамытуға көмек көрсету. 3. Топтарға немесе командаларға шешімдер қабылдауды және жауапкершілікті бөлуді нақтылауға көмек көрсету. 4. Талқылау динамикасын басқару және конструктивті қарым-қатынасты қолдау.</p> <p>Білімдер: 1. Топтық динамика мен команданы дамыту негіздері. 2. Топтар мен командалар үшін фасилитациялау әдістері. 3. Жауапкершілік пен ортақ көшбасшылықты қалыптастыру механизмдері. 4. Өзгеріс кезеңдерінен өту кезінде команда мінез-құлқының ерекшеліктері.</p>

	Кұзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
Қосымша еңбек функциясы 1: Корпоративтік стейкхолдерлер мен (мүдделі тараптармен) өзара әрекеттесу және коучингті ұйымдық процестерге интеграциялау	Дағды 1: Корпоративтік стейкхолдерлер мен және коучингке тапсырыс берушілермен тиімді өзара әрекеттесу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Корпоративтік клиенттер мен ішкі тапсырыс берушілермен олардың мақсаттары, күтілімдері және іскерлік контекстінің ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс қарым-қатынастарын орнату. 2.Процеске қатысатын барлық мүдделі тараптармен келісімшарт жасап, өзара іс-қимылдың шарттарын, рөлдерін, шекараларын және күтілетін нәтижелерін келісу. 3.Көптеген стейкхолдерлермен жұмыс істегенде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ете отырып, мүдделер балансын және клиент құқықтарының басымдығын сақтау. 4.Коучинг жұмысын ішкі корпоративтік талаптар мен регламенттерге сәйкестендіру үшін корпоративтік бизнес-процестер мен персоналды дамыту жүйелерінің құрылымын ескеру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Корпоративтік клиенттермен және ішкі тапсырыс берушілермен өзара іс-қимыл негіздері. 2.Жеке және топтық немесе командалық коучингте келісімшарт жасау қағидаттары. 3.Көптеген стейкхолдерлермен жұмыс істеген кезіндегі әдеп талаптары. 4.Бизнес-процестер мен корпоративтік персоналды дамыту жүйелерінің құрылымы.
	Кұзыреттілікті тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 2: Коучинг тәсілдерін корпоративтік даму бағдарламаларына енгізу	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Коучингті пайдалана отырып, көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын жобалауды жеңілдету. 2.Коучинг элементтерін қолданыстағы HR-құралдарға, процестерге және даму бағдарламаларына біріктіру. 3.Коучинг сессияларының нәтижелерін (клиенттің рұқсатымен) басқару мәдениетін дамыту үшін пайдалану. 4.Бақылаулар мен талдау негізінде корпоративтік бағдарламаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Корпоративтік оқыту бағдарламасын жобалау негіздері. 2.Коучингті ұйымдық мәдениетке интеграциялау тәсілдері. 3.Көшбасшылық пен басқару құзыреттерін дамыту қағидаттары. 4.Қызметкерлердің даму нәтижелерін және бағдарламаның тиімділігін бағалау әдістері.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 3:	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Тапсырыс берушімен бірлесіп коучингтің тиімділік көрсеткіштері мен критерийлерін анықтау. 2.Клиенттің құпиялылығын сақтай отырып, коучинг сүйемелдеуінің нәтижелеріне талдау жүргізу.

	<p>Корпоративтік ортада коучингтің тиімділігін бағалау</p>	<p>3. Корпоративтік талаптарға сәйкес жұмыс қорытындылары бойынша есептер дайындау.</p> <p>4. Ұйымға коучинг нәтижелерін процестер мен басқару тәжірибелерін дамыту үшін пайдалануға көмек көрсету.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Ұйымдардағы коучинг нәтижелерін бағалау әдістері.</p> <p>2. Даму бағдарламаларының тиімділігін өлшеу модельдері.</p> <p>3. Заңды тұлғалармен жұмыс істеген кезде ашық есеп беру қағидаттары.</p> <p>4. Коучинг нәтижелерінің базасын құру негіздері.</p>
<p>Қосымша еңбек функциясы 2: Қызметкерлердің кәсіптік өзіндік рефлексиясы мен саналы ойлау қабілетін дамытуға жәрдемдесу арқылы жұмыс шешімдерінің сапасын арттыру</p>	<p>Құзыреттілікті тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
	<p>Дағды 1: Кәсіптік тәжірибені талдау мен өзіндік рефлексияны дамытуға жәрдемдесу</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Қызметкерге кәсіптік жағдайларда өз мінез-құлық үлгілерін саналы түрде ұғынуға көмек көрсету.</p> <p>2. Алдыңғы тәжірибені талдау және одан сабақ алу үшін коучинг әдістерін қолдану.</p> <p>3. Өз реакциялары мен қабылдайтын шешімдерін бақылау дағдыларын қалыптастыруға қолдау көрсету.</p> <p>4. Жұмыс әрекетіне ықпал ететін ішкі ұстанымдарды анықтауға көмек көрсету.</p>
	<p>Білімдер:</p>	<p>1. Кәсіптік өзіндік рефлексиясы мен тәжірибені талдау негіздері.</p> <p>2. Ішкі көзқарастар мен когнитивтік паттерндерді зерттеу тәсілдері.</p> <p>3. Кәсіптік ортадағы саналы мінез-құлық үлгілері.</p> <p>4. Іс-қимыл мен нәтижелерді құрылымдық талдау әдістері.</p>
	<p>Дағдыларды тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
	<p>Дағды 2: Жұмыс жағдайларында саналы болуды дамытуға көмек көрсету</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Қызметкерге эмоциялардың, сенімдер және қабылдаудың жұмыс шешімдеріне әсерін байқауға көмектесу.</p> <p>2. Назарды шоғырландыру және қазіргі сәтте болу дағдыларын қалыптастыруға қолдау көрсету.</p> <p>3. Жұмыс процестері мен өзара іс-қимылды қабылдаудың сапасын арттыру үшін коучинг әдістерін қолдану.</p> <p>4. Таңдауды және іс-қимыл нұсқаларын түсінуге қабілеттілікті дамытуға қолдау көрсету.</p>
	<p>Білімдер:</p>	<p>1. Кәсіптік қызметтегі саналылық негіздері.</p> <p>2. Эмоцияларды, қабылдауды және ішкі реакцияларды бақылау тәсілдері.</p> <p>3. Назар мен қазіргі сәтте болуды арттыру әдістері.</p> <p>4. Жұмыс жағдайларында саналы таңдау жасау қағидаттары.</p>
	<p>Дағдыларды тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
	<p>Машықтар:</p>	<p>1. Қызметкерге қабылданған шешімдердің логикалық негіздерін анықтауға көмек көрсету.</p>

	3-дағды: Зейінділікті дамыту арқылы жұмыс шешімдерінің сапасын жақсартуға үлес қосу	2.Жұмыс таңдауының мотивациясын, мақсаттарын және салдарын талдауға қолдау көрсету. 3.Балама көзқарастарды қарастыруға көмек көрсету. 4.Шешімдердің тереңдігі мен негізділігін нығайту үшін коучинг сұрақтарын қолдану.	
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.	
Жеке құзырет талаптары:	өзін-өзі реттеудің, эмоциялық интеллекттің және эмпатияның жоғары деңгейі. бейтараптылықты және кәсіптілікке сай болуды сақтау қабілеті; шынайылық, клиентке құрметпен қарау, қарым-қатынаста ашықтық; клиенттің контекстіне, мәдениетіне және жеке ерекшеліктеріне саналы қатынас; үздіксіз оқуға және өзін-өзі талдауға дайын болу.		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізімі:			
С Б Ш шеңберіндегі басқа мамандықтарға сілтемелер:	СБШ деңгейі:	Мамандық атауы:	
	6	Мансаптық коуч (CareerCoach)	
	6	Командалық коуч (TeamCoach)	
	6	Кәсіпкерлерге арналған коуч (EntrepreneurCoach)	
11. "Мансаптық коуч" мамандығының жұмыс сипаттамасы:			
Топ коды:	2379-9		
Курс атауы коды:	-		
Кәсіп атауы:	Мансаптық коуч		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктіліктің ішкі деңгейі:			
БТБА, БА үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
	Білім деңгейі: Жоғары білім (бакалавриат, мамандық бойынша)	Мамандығы:	Біліктілігі:

Кәсіптік білім деңгейі:	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура, ординатура, резидентура)	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	кемінде 7 жыл (оның кемінде 5 жылы адами ресурстарды басқару немесе персоналды басқару саласында)	
Формалды емес және бейресми біліммен байланыс:	Коучинг саласындағы қосымша кәсіптік білім (аккредиттелген бағдарламада кемінде 120 академиялық сағат оқыту), расталған тәжірибелік сағаттары (кемінде 500), кәсіптік қауымдастықтарға қатысу, коучинг және сертификаттаудың үшінші деңгейіне сертификатпен расталған кәсіптік дамудың өзге де нысандары.	
Кәсіптердің басқа да ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Коучинг әдістерін қолдану арқылы клиенттерге кәсіптік мақсаттарын анықтауға, күшті жақтарын тануға, мансаптық стратегиялар құруға және еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімділігін арттыруға қолдау көрсету.	
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жеке карьералық коучинг сессияларын өткізу.
		2. Клиенттерге кәсіптік құндылықтары, мақсаттары мен мүмкіндіктерін анықтауға көмектесу.
		3. Клиенттің мансаптық даму стратегиясын және жеке брендін қалыптастыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Клиентке еңбек нарығын түсінуге және мансаптық шешімдер қабылдауға көмектесу.
		2. Клиенттің мансаптық дағдыларын және ілгерілеу құралдарын дамытуға көмек көрсету.
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
Еңбек функциясы 1:	Дағды 1: Клиенттің кәсіптік мақсаттары мен әлеуетін диагностикалау	Машықтар:
		1. Клиенттің негізгі мотиваторларын, құндылықтары мен күшті жақтарын анықтау.
		2. Клиентке кәсіптік басымдықтар мен даму бағдарын анықтауға көмектеуді жүзеге асыру.
		3. Өз әлеуетін түсіну үшін өзін-өзі бағалау және рефлексия құралдарын пайдалану.
		4. Клиенттерді өз мүмкіндіктерін зерттеуге ынталандыру үшін ашық сұрақтарды пайдалану.
		Білімдер:
		1. Кәсіптік кеңес беру және кәсіптік диагностика негіздері.
		2. Мотивация, өзін-өзі анықтау және кәсіптік өсу қағидаттары.
		3. Клиенттің мүмкіндіктерін зерттеуге ынталандыратын құндылықтары мен қызығушылықтарын зерттеу әдістері.
		4. Белсенді тыңдау әдістемесі

Ж е к е карьералық коучинг сессияларын өткізу	Құзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 2: Кәсіптік стратегияларды қалыптастыру ж ә н е сүйемелдеу	Машықтар:
		1. Клиентке кәсіптік даму стратегиясын әзірлеуге көмектесуді жүзеге асыру. 2. Карьералық мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті қадамдарды анықтауға көмектесу. 3. Клиенттерге белгісіздік жағдайларында шешім қабылдауда қолдау көрсету. 4. Өзгерістермен байланысты кедергілер мен қорқыныштарды анықтау үшін коучинг техникаларын қолдану.
		Білімдер:
		1. Мансаптық даму мен ауысудың заманауи модельдері. 2. Қазақстандағы еңбек нарығының ерекшеліктері мен жұмыспен қамту тенденциялары. 3. Жеке брендті қалыптастыру және кәсіптік позициялау тәсілдері.
	Құзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 3: Клиенттерге кәсіптік бейімделу мен өзгерістер кезінде қолдау көрсету	Машықтар:
		1. Клиенттерге өзгерістерге реакцияларын түсінуге көмектесу. 2. Төзімділік пен ішкі мотивацияны қалыптастыруға көмектесуді жүзеге асыру. 3. Жеке және кәсіптік мақсаттар арасында тепе-теңдікті сақтау. 4. Тәжірибелерді ой елегінен өткізуге және жаңа мүмкіндіктерді іздеуге арналған кеңістік жасау.
		Білімдер:
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 3: Клиентті кәсіптік бейімделу және өзгерістер үдерісінде қолдау көрсету.	Машықтар:
		1. Клиентке өзгерістерге деген өз реакцияларын саналы түрде түсінуіне жәрдемдесу. 2. Тұрақтылық пен ішкі мотивацияны қалыптастыруға көмек көрсету. 3. Жеке және кәсіптік мақсаттар арасындағы тепе-теңдікті сақтау. 4. Тәжірибені зерделеу және жаңа мүмкіндіктерді іздеу үшін кеңістік қалыптастыру.
		Білімдер:
		1. Кәсіптік қызметтегі бейімделу мен стресске төзімділіктің негіздері. 2. Өтпелі кезеңдердің аспектілері. 3. Кәсіптік дағдарыстармен жұмыс істеудегі коучинг әдістері. 4. Өзгерістерді басқарудың негіздері.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 3:	

	Кәсіптік құжаттарды дұрыс жүргізу.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Мамандық шектерін сақтай отырып, клиенттің келісімімен коучингтік өзара іс-қимылдың мақсаттарын, нәтижелерін және құрылымын көрсететін жазбаларды жүргізу. 2. Клиенттік процестер бойынша деректерді қолайлы және қауіпсіз форматта жүйелеу. 3. Электрондық жазбаларды, хат алмасуларды және шарттарды коса алғанда, құжаттардың сақталу тәртібін қамтамасыз ету. 4. Жұмыс барысына сәйкес құжаттаманы уақтылы жаңартып отыру, ұйым мен клиент талаптарына және келісілген форматқа сәйкес жүргізу.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Қызмет көрсету саласындағы кәсіптік құжаттаманы құрылымдаудың қағидаттары. 2. Коучинг тәжірибесіндегі жазбалардың мазмұны мен көлеміне қойылатын талаптар. 3. Деректерді электрондық және қағаз нұсқада сақтау кезінде ақпаратты қорғаудың негіздері. 4. Клиент материалдарын сақтау, архивтеу және жою қағидалары.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
Жұмыс функциясы 2: Клиентке кәсіптік құндылықтар, мақсаттар мен мүмкіндіктерді тануға көмектесу	Дағды 1: Клиенттің кәсіптік құндылықтары мен мотивациясын анықтау	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Клиентке өзінің негізгі құндылықтары мен ішкі мотивация факторларын тануға көмек көрсету. 2. Клиентке таңдаған саласындағы нақты мүмкіндіктер мен шектеулерді бағалауға көмек көрсету. 3. Клиентке мағыналы кәсіптік мақсаттар мен мансаптық қанағаттану критерийлерін анықтауда қолдау көрсету. 4. Клиенттің қорытындыларын құндылық картасы немесе мотивациялық модель түрінде құрылымдау.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Мотивация және кәсіптік өзін-өзі анықтау қағидаттары. 2. Құндылықтар мен мансаптық қызығушылық модельдері (мысалы, RIASEC, ValuesInventory). 3. Кәсіпті таңдауға әсер ететін тұлға психологиясының негіздері. 4. Жасырын және байыпталмаған мотивтерді анықтаудың ерекшеліктері.
Дағды 2: Кәсіптік мақсаттар мен	Талап етілмейді.	
		Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Клиентке ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мансаптық мақсаттарды қалыптастыруда қолдау көрсету. 2. Клиенттерге өздері таңдаған саладағы нақты мүмкіндіктері мен шектеулерін бағалауға көмектесу. 3. Мақсаттарды жүйелі түрде қалыптастыру үшін коучинг құрылымдары мен модельдерін (SMART, GROW, CLEAR) қолдану.

	мансаптық бағыттарды анықтау	<p>4.Клиентке басымдықтарды белгілеуге және оларды жеке құндылықтары мен ресурстарымен үйлестіруге көмектесу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1.Мақсат кою мен жоспарлаудың заманауи тәсілдері. 2.Мансаптық даму, ауысулар және кәсіптік өсу модельдері. 3.Жеке мансаптар контекстінде стратегиялық ойлау қағидаттары. 4.Қазақстан еңбек нарығының ерекшеліктері, сұранысқа ие дағдылар және жұмыспен қамту тенденциялары.</p>
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
Жұмыс функциясы 3: Кәсіптік даму стратегияларын және клиент	Дағды 1: Клиенттің мансаптық контексті мен кәсіптік траекториясын талдау	<p>Машықтар:</p> <p>1.Клиенттің кәсіптік өмірбаяны туралы ақпарат жинап, дамудың негізгі үлгілерін анықтау. 2.Мансаптық ресурстарды, шектеулерді және траекторияны таңдауға әсер ететін сыртқы факторларды айқындау. 3.Таңдалған салалар мен позициялардың талаптарына клиенттің тәжірибесін сәйкестендіруді талдау. 4.Клиенттің мансаптық контекстінің құрылымдық бейнесін қалыптастыру (тәжірибе, құзыреттер, құндылықтар, жағдайлар).</p> <p>Білімдер:</p> <p>1.Мансаптық жол мен кәсіптік өтуді талдау қағидаттары. 2.Құзыреттердің, кәсіптік рөлдердің және типтік мансаптық модельдердің құрылымы. 3.Мансаптық контекст факторлары: сала талаптары, өңірлік ерекшеліктер, бәсекелестік деңгейі. 4."Карьера картасын" аналитикалық құрал ретінде құру тәсілдері.</p>
	Құзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 2: Карьера стратегиясын жобалау және дамудың мақсатты бағытын анықтау	<p>Машықтар:</p> <p>1.Клиенттің профилін талдау негізінде мүмкін болатын мансаптық даму жолдарын анықтау. 2.Клиентпен бірлесіп ұзақ мерзімді мақсаттар мен стратегиялық кәсіптік міндеттерді нақтылау. 3.Мақсатты деңгейге жету үшін қажетті негізгі шарттар мен құзыреттерді анықтау. 4.Клиенттің тәуекелдері мен ресурстарын ескере отырып, нақты, кадамдық даму стратегиясын әзірлеу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1.Стратегиялық мансаптық жоспарлау модельдері (сызықты, сарапшылық, гибридті, көлденең траекториялар). 2.Әртүрлі кәсіптік рөлдердегі құзыреттерге қойылатын еңбек нарығының талаптары. 3.Карьераға қолданылатын стратегиялық талдау қағидаттары (SWOT, сценарийлік ойлау, GAP талдауы). 4.Карьераны жоспарлауда тәуекелдер мен ресурстарды басқару тәсілдері.</p>
	Құзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	3-дағды:	Машықтар:

профильдерін қалыптастыру	<p>Клиенттің кәсіптік позициясын және мансаптық профилін дамыту</p>	<p>1. Клиенттің болашақ жұмыс беруші немесе кәсіптік қауымдастық үшін негізгі құндылық ұсыныстарын анықтау.</p> <p>2. Клиенттің мансаптық профилін қалыптастыру (лауазымы, мансаптық ерекшеліктері, күшті жақтары, жетістіктері).</p> <p>3. Клиентке жетістіктерін өлшенетін нәтижелер мен кәсіптік аргументтерге айналдыруға көмектесу.</p> <p>4. Резюмелерге, портфолиоларға және қоғамдық профильдерге біртұтас кәсіптік позициялауды қалыптастыруға жәрдемдесу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Карьера брендингі мен кәсіптік позициялаудың негіздері.</p> <p>2. Жетістіктерді сипаттау әдістері (KPI, STAR, жетістіктер/үлестер/нәтижелер).</p> <p>3. Кәсіптік коммуникацияның қазіргі форматтары (резюме, LinkedIn, кәсіптік платформалар).</p> <p>4. Кәсіптік бедел мен мансаптық болмысты қалыптастыру қағидаттары.</p>
	<p>Дағдыларды тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
	<p>Дағды 4: Жеке мансаптық даму жоспарын әзірлеу және стратегияны іске асыру маршруты</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Клиентпен бірлесіп мансаптық стратегияны іске асыруға арналған практикалық қадамдар жиынтығын анықтау.</p> <p>2. Таңдалған саланың кәсіптік стандарттарын ескере отырып, жеке құзыреттерді дамыту жоспарын құру.</p> <p>3. Даму көздерін анықтау: оқыту, жобалар, тәлімгерлер, нетворкинг, тәжірибе.</p> <p>4. Клиентке прогресті бағалау критерийлерін және нәтижелерді бақылау жүйесін құруға көмектесу.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Жеке даму модельдері (IDP, 70/20/10, құзыреттілік матрицасы).</p> <p>2. Кәсіптік дағдыларды бағалау және дамыту әдістері.</p> <p>3. Кәсіптік өсудің түрлері: оқыту, тағылымдамалар, жобалар, көлденең ауысулар.</p> <p>4. Карьералық прогресті мониторингтеу және стратегияны түзету механизмдері.</p>
	<p>Құзыреттерді тану мүмкіндігі:</p>	<p>Талап етілмейді.</p>
	<p>Дағды 1: Еңбек нарығындағы тенденциялар мен мамандықтық талаптарды талдау</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Ағымдағы еңбек нарығындағы үрдістерді талдау және өзгерістердің клиенттің мансаптық мүмкіндіктеріне әсерін болжау.</p> <p>2. Өртүрлі салалардағы кәсіптік рөл талаптарын бағалау.</p> <p>3. Клиенттің профилін жұмыс талаптары мен мансаптық бағыттарға сәйкестендіру.</p> <p>4. Клиентке бәсекеге қабілеттілікті арттыратын даму бағыттарын анықтауға көмек көрсету.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Қазіргі еңбек нарығының құрылымы және негізгі жұмыспен қамту тенденциялары.</p> <p>2. Кәсіптік рөлдердің, құзыреттердің және жұмыс берушінің талаптарының ерекшеліктері.</p>

Қосымша жұмыс функциясы 1: Клиенттерге еңбек нарығында өз жолын табуға және мансаптық шешімдер қабылдауға көмектесу		3.Еңбек нарығын талдау құралдары (жұмыс орындарының анатиликасы, салалық шолулар, кәсіптік стандарттар). 4.Мамандардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау қағидаттары.	
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.	
	Дағды 2: Клиенттерге мансаптық шешім қабылдау процесінде қолдау көрсету	Машықтар:	1.Коучингті қолдана отырып, басшыларды дамыту бағдарламаларын жобалауға көмек көрсету. 2.Коучинг элементтерін қолданыстағы HR-құралдарға, процестерге және даму бағдарламаларына біріктіру. 3.Коучинг сессияларының нәтижелерін (клиенттің рұқсатымен) басқару мәдениетін дамыту үшін пайдалану. 4.Бақылаулар мен талдау негізінде корпоративтік бағдарламаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.
		Білімдер:	1.Шешім қабылдау (рационалды, құндылыққа бағдарланған, гибриді) модельдері. 2.Кәсіптік таңдаулардың салдары мен тәуекелдерін талдау тәсілдері. 3.Сенімсіздік пен таңдаудың психологиялық механизмдері. 4.Кәсіптік траекторияны таңдауда мақсаттар, ресурстар және шектеулерді үйлестіру қағидаттары.
		Кұзыреттерді тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
		Дағды 3: Клиенттерге мансаптық өзгерістер кезінде қолдау көрсету	Машықтар:
	Білімдер:		1.Кәсіптік өту модельдері мен кәсіптік циклдер. 2.Жаңа кәсіптік контекстерде бейімделу ерекшеліктері. 3.Тұрақтылық факторлары және өтудің психологиялық механизмдері. 4.Өзгеріс кезеңдерінде клиентке қолдау көрсету қағидаттары.
Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.		
Дағды 1: Клиенттерді жұмыс іздеуге	Машықтар:	1.Клиентке нарыққа сәйкес жұмыс іздеу стратегиясын қалыптастыруға көмек көрсету. 2.Клиенттің өзінің артықшылықтары мен бәсекеге қабілетті қасиеттерін түсінуіне қолдау көрсету. 3.Ілгерілету құралдарын анықтау: түйіндеме, портфолио, профильдер. 4.Қысқа кәсіби позициялау (career pitch) қалыптастыруға көмек көрсету.	
	Білімдер:		

Қосымша жұмыс функциясы 2: Клиенттің мансаптық дамуы үшін кәсіптік дағдылар мен құралдарды дамытуды ілгерілету	және нарықтағы мансаптық өсуге дайындау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс іздеу стратегиялары мен жұмыс берушілерді тарту арналары . 2. Резюмелерге, CV, coverletter және кәсіптік профильдерге қойылатын талаптар. 3. Бәсекеге қабілетті мансаптық ұсыныс жасау қағидаттары. 4. Кәсіптік портфолио дайындау негіздері. 	
	Құзыреттілікті тану мүмкіндігі:	Міндетті емес.	
	Дағды 2: Клиенттерге коммуникация және презентация дағдыларын дамытуда қолдау көрсету	Машықтар:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Клиентке нақты және сенімді карьерлік хабарламаны қалыптастыруға көмек көрсету. 2. Өзін-өзі ұсыну дағдыларын дамытуға (сұхбат беруде, кездесулерде, келіссөздерде) қолдау көрсету. 3. Коучинг арқылы клиентті сұхбатқа дайындалуға көмек көрсету. 4. Клиентке өзінің коммуникация стилін түсінуге және оны контекстке бейімдеуге көмек көрсету.
		Білімдер:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Келіссөз жүргізу және презентация дағдыларының негіздері. 2. Сұхбат жүргізу мінез-құлық үлгілері және өзін-өзі таныстыру әдістері. 3. Қарым-қатынас түрлері және олардың кәсіптік өзара әрекеттесуге әсері. 4. Тиімді іскерлік қарым-қатынас қағидаттары.
		Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
		Дағды 3: Клиенттің кәсіптік нетворкингін дамытуға жәрдемдесу	Машықтар:
Білімдер:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіптік нетворкингін құру және іскерлік қатынастарды орнату қағидаттары. 2. Әлеуметтік капиталды дамыту және байланыстарды кеңейту тәсілдері. 3. Кәсіптік қауымдастықтарға арналған платформалар мен форматтар. 4. Кәсіптік байланыстардың сапасы мен пайдалылығын бағалау әдістері. 		
Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.		
Жеке құзырет талаптары:	<p>әдептілік, ашықтық, ізгі ниеттілік;</p> <p>бейтараптықты сақтау және клиенттің таңдауын құрметтеу қабілеті;</p> <p>сенім мен эмоциалық қауіпсіздікті қалыптастыру қабілеті;</p> <p>қарым-қатынас мәдениеті және әртүрлі дүниетанымдарға құрметпен қарау;</p> <p>кәсіптік білімді үздіксіз дамытуға және жаңартуға дайын болуы</p>		

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізімі:			
С Б Ш шеңберіндегі ба с қа мамандықтармен байланыс:	СБШ деңгейі:	Мамандық атауы:	
	6	Бизнес-коуч (Executive / Business Coach)	
	6	Кәсіпкерлерге арналған коуч (EntrepreneurCoach)	
	6	Командалық коуч (TeamCoach)	
12. "Лайф-коуч" мамандығының жұмыс сипаттамасы:			
Топ коды:	2379-9		
Сынып атауы коды:	-		
Жұмыс атауы:	Лайф-коуч		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктіліктің қосалқы деңгейі:			
БТБА, БА стандартты біліктілік сипаттамаларына сәйкес біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгей Жоғары білім (бакалавриат, мамандық бойынша)	Мамандық:	Квалификация:
	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура, ординатура, резидентура)		
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл болуы тиіс		

Ресми емес және ресми емес біліммен байланыс:	Коучинг саласындағы қосымша кәсіптік білім, аккредиттелген бағдарлама бойынша кемінде 50 академиялық сағаттық оқытумен расталған, тәжірибе сағаттары (кемінде 50 сағат) расталған, кәсіптік қауымдастықтарға қатысу, коучинг және өзге де кәсіптік даму түрлері бойынша үздіксіз білім беру бағдарламалары, бірінші сертификаттау деңгейі және одан жоғары сертификатпен расталған.	
Басқа ықтимал лауазым атаулары:		
Әрекеттің негізгі мақсаты:	Клиенттерге жеке тепе-теңдікті, саналылықты, сенімділікті және тұрақтылықты табуға қолдау көрсету, ішкі әлеуетін ашуға және өмір сапасы, өзін-өзі дамыту және қарым-қатынастарға қатысты мақсаттарға жетуге көмектесу	
Жұмыс функцияларының тізімі:	Міндетті жұмыс функциялары:	1.Клиенттің жеке дамуына бағытталған жеке коучинг сессияларын өткізу.
		2.Клиенттерге саналы өмірлік мақсаттар қоюға және тұрақты өмір салтын қалыптастыруға көмектесу.
		3.Клиентке жеке өзгерістерді күнделікті өмірге енгізуге және тұрақты мінез-құлық үлгілерін бекітуге қолдау көрсету.
	Қосымша жұмыс міндеттері:	1.Клиенттердің эмоционалдық тұрақтылығы мен өзін-өзі реттеу дағдыларын нығайтуға қолдау көрсету.
2.Гармониялық қарым-қатынастарды дамытуға ықпал ету және клиенттердің жеке шекараларын нығайту.		
Жұмыс функциясы сипаттамасы		
Жұмыс функциясы 1: Клиенттің жеке дамуына бағытталған	Дағды 1: Клиенттің жеке өміріндегі мәселелерді зерттеуге жағдай жасау	Машықтар:
		1.Клиенттің ішкі күй-қалыптары мен қалауларын түсінуге көмектесетін диалогты сақтау.
		2.Сана мен өзін-өзі бақылауды дамытуға бағытталған сұрақтарды құрастыру.
		3.Клиентке өз сенімдерін, көзқарастарын және жауап беру тәсілдерін зерттеуде қолдау көрсету.
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	4.Клиентке өзінің шекараларын, қажеттіліктерін және басымдықтарын түсінуге көмек көрсету.
		Білімдер:
Жұмыс функциясы 1: Клиенттің жеке дамуына бағытталған	Дағды 2: Жеке төзімділікті және эмоционалдық тепе-теңдікті	1.Сана мен өзін-өзі талдау қағидаттары.
		2.Наным-сенімдермен және шектейтін көзқарастармен жұмыс істеу үлгілері.
		3.Эмоционалдық сауаттылық пен өзін-өзі бақылау негіздері.
		4.Жеке құндылықтар мен ішкі нұсқаулықтарды зерттеу тәсілдері.
Жұмыс функциясы 1: Клиенттің жеке дамуына бағытталған	Дағды 2: Жеке төзімділікті және эмоционалдық тепе-теңдікті	Талап етілмейді.
		Машықтар:
		1.Клиентке стресс пен эмоционалдық күйді басқару әдістерін зерттеуге қолдау көрсету.
		2.Қиын өмірлік жағдайларда ішкі төзімділік дағдыларын қалыптастыруға көмек көрсету.
Жұмыс функциясы 1: Клиенттің жеке дамуына бағытталған	Дағды 2: Жеке төзімділікті және эмоционалдық тепе-теңдікті	3.Клиентке шиеленіс көздері мен қалпына келу факторларын түсінуге көмек көрсету.
		4.Эмоционалдық тепе-теңдікті қолдайтын жеке тәжірибелерді анықтауға көмек көрсету.

жеке коучинг сессияларын өткізу.	дамытуға жәрдемдесу	Білімдер: 1. Жеке төзімділіктің модельдері және ресурстарға бағытталған тәсіл. 2. Адамның эмоционалдық күйіне әсер ететін факторлар. 3. Назарды басқару және эмоционалдық өзін-өзі реттеу негіздері. 4. Қалпына келу және өзін-өзі қолдау тәжірибелері (терапевтік емес).
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
	Дағды 3: Клиенттің өмірлік контекстінің оның жағдайы мен шешімдеріне әсерін зерттеуге қолдау көрсету	Машықтар: 1. Клиентке мінез-құлық, қоршаған орта және жеке күй арасындағы байланыстарды анықтауға көмек көрсету. 2. Қайталанатын өмірлік сценарийлерді талдауға қолдау көрсету. 3. Даму процесіне қолдау көрсететін немесе кедергі жасайтын контекст элементтерін анықтауда клиентке қолдау көрсету. 4. Қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің бейімделген стратегияларын қалыптастыруға көмек көрсету.
		Білімдер: 1. Коучингтегі контекстік талдау негіздері. 2. Өмірлік мінез-құлық модельдері мен шешім қабылдау үлгілері. 3. Мәдени, отбасылық және әлеуметтік факторлардың клиенттің таңдауына әсері. 4. Саналы өмірлік стратегияларды қалыптастыру тәсілдері.
Құзыреттілікті тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.	
	Дағды 4: Кәсіптік құжаттаманы дұрыс жүргізу	Машықтар:
		1. Клиенттің келісімімен, кәсіптік қызмет шеңберін сақтай отырып, коучингтік өзара әрекеттесудің мақсаттарын, нәтижелерін және құрылымын көрсететін жазбаларды жүргізу. 2. Клиенттік процестер бойынша деректерді ыңғайлы және қауіпсіз форматта жүйелеу. 3. Құжаттарды, оның ішінде электрондық жазбаларды, хат алмасуды және шарттарды сақтау тәртібін қамтамасыз ету. 4. Ұйымның және клиенттің келісілген форматы мен талаптарын сақтай отырып, жұмыс барысына сәйкес құжаттаманы жаңартып отыру.
		Білімдер:
		1. Қызмет көрсету саласындағы кәсіптік құжаттаманы құрылымдау қағидаттары. 2. Коучингтік практикадағы жазбалардың мазмұны мен көлеміне қойылатын талаптар. 3. Деректерді электрондық және қағаз түрінде сақтау кезінде ақпаратты қорғаудың негіздері. 4. Клиенттік материалдарды сақтау, мұрағаттау және жою қағидаттары.
		Машықтар: 1. Клиентке құндылықтар, мәндік бағдарлар және терең мотивтерді зерттеуге көмектесуді жүзеге асыру.

Жұмыс функциясы 2: Клиенттерге хабардар өмірлік мақсаттар мен тұрақты өмір салтын қалыптастыруға көмек көрсету	Дағды 1: Клиенттерге мағыналы жеке мақсаттарды қоюға қолдау көрсету	<p>2.Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді өмірлік мақсаттарды қалыптастыруға қолдау көрсету.</p> <p>3.Ниеттердің шынайылығын және оларды жүзеге асыру жағдайларын талдауға қолдау көрсету.</p> <p>4.Клиентке мақсаттар, ресурстар және шектеулер арасындағы байланысты көруге көмек көрсету.</p>
		Білімдер:
		<p>1.Өмірлік құндылықтарды анықтау тәсілдері (құндылық модельдері, мағыналық бағдарлар).</p> <p>2.Жеке мақсаттарды қою әдістері (SMART емес/корпоративтік емес).</p> <p>3.Күнделікті/жеке өмірде мінез-құлықтың мотивациялық модельдері.</p> <p>4.Өмір сүру салаларын теңестіру қағидағтары.</p>
	Дағдыларды тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді.
